

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 2 қазанда N 1992 тіркелген "Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18.09.2002ж. N 438 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2003 жылғы 21 қазандағы N 372 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2554. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007.05.07. N 185 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007.05.07. N 185 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 18 қыркүйектегі N 438 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру үшін бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 18.09.2002 ж. N 438 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 2 қазанда N 1992 тіркелген және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2002 жылғы N 45-4, 729-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік ж о с п а р ы н а :

341-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"341 "Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықтары";

42-кіші бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"42 "Банктердегі аккредитивтердегі, чектердегі, карт-шоттардағы және басқа да ш о т т а р д а ғ ы а қ ш а " ;

423-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"423 "Карт-шоттардағы ақша";

43-кіші бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"шетел валютасындағы ағымдағы, корреспонденттік шоттардағы ақша";

431-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"431 "Ел ішінде шетел валютасындағы ағымдағы, корреспонденттік ш о т т а р д а ғ ы а қ ш а " ;

432-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"432 "Шет елдегі шетел валютасындағы ағымдағы, корреспонденттік ақша";
44-кіші бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"44 "Ұлттық валютада ағымдағы корреспонденттік шоттардағы ақша";
441-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"441 "Ұлттық валютада ағымдағы корреспонденттік шоттардағы ақша";
551-шоттың атауындағы "заңнамада" деген сөз "құрылтай құжаттарда" деген
сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н .

602-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:
"Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың
қарызы";.

2. Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қаржы вице-министрі Г.Н.Өзбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қаржы министрі